

Филологические науки

ӘОЖ 81`367: 811.512.122

Тулекова Гульжан Хажмуратовна

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

«Тұран» университеті

Ширин Казбек

«Тұран» университеті

Азимова Дидар Полатбекқызы

«Тұран» университеті

**АБАЙ, ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНАН ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТІ
ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
МЕН ТАНЫМЫ АРҚЫЛЫ ТАНЫП БІЛУ**

**COGNITION THROUGH GRAMMATICAL STRUCTURE AND
COGNITIVE OF PRONOUNS OF NATIONAL PECULIARITIES WORKS
OF ABAY, SHAKARIM**

Аннотация. Абай мен Шәкәрім шығармаларында халықтық рухты пайымдауға құрал болатын тілдік құрылымдар, сөз тіркестері өте мол. Олардың адам санасындағы ой қорытындыны есім сөз тіркестері арқылы берілуін, оның танымдық тілдік табиғатын ашу зерттеудің өзектілігін көрсететіні анық. Сөз тіркестері құрылымындағы семантикалық даму бағытын айқындауға негіз болатын алғышарттардың бірі – қатысымдық үдеріс. Сөз тіркестеріндегі мағыналық, құрылымдық өзгерісті Абай, Шәкәрім шығармаларының материалы негізінде қарастыру олардың мақсатты түрдегі жұмсалудың, тек семантикалық мәселелерді шешуге емес, лингвистикалық семантика мәселелеріне бағытталғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі қоғамдық өркениеттің өзектілігіне өріс алатын факторлардың біріне айналған. Олай дейтініміз, сөз тіркестері құрамынан туатын қатысымдық мағына тілдік және тілден

тыс ақпараттық білім жиынтығын құрап, сөз тіркесі семантикасының функционалдық қызметін саралауға негіз болып табылады.

Тірек сөздер: шығарма, үдеріс, сөз тіркес, ақпараттық білім.

Summary. *In the works of Abay and Shakarim has a lot of language structure and phraseology to interpretation tool of national spirit. The idea of human consciousness through the conclusion noun phrases, clearly reflect the importance of the open nature of the cognitive linguistic research. Communicative process - one of the prerequisites for the development of the semantic of phrases structure. This is one of the factors that can a field the relevance of today's society civilization. Arising from the so-called phrases communicative value of language and language teaching, functional differentiation of the phrase.*

Key words: *composition, process, expression, information and education.*

Қазіргі тіл ғылымында тілдің «қарым-қатынастың аса маңызды құралы болу» қызметімен қатар дүниетаным құралы болу қызметіне ерекше назар аударылады, өйткені адамзаттың ойлауымен байланысты саналы әрекетінің нәтижесінде жинақталған дүние – әлем туралы білім қоры әр ұлттың өзіне тән мінез-құлық, жан-дүниесі, психологиясынан хабар береді. Абай, Шәкәрім шығармаларындағы есім сөз тіркестерінен туындайтын қатысымдық семантика ұлттық тілдік бейнені құрайды. Қазіргі этнопсихологиялық мәселелердің дінгегіне айналып, жаңа көзқарастың жаңаша қалыптасуына жол ашады. «Даналық ең абзал нәрселерді мейлінше жақсы танып білу деген сөз ғой. Ал өз мәнін ақылмен пайымдауға және білуге қабілетті болса, онда ол ең абзал нәрселерді мейлінше жақсы танып біледі» [1, б. 75]. Жүйелі логика бар жерде жүйелі түсінік қалыптасады. Таным теориясында тіл мен логиканың байланысын былайша түсіндіреді: «Точно так же не вызывает сомнения, что логика в качестве руководства к правильным суждениям оказывает влияние и на языковое выражение (и в

особенности выражение понятий и суждений) и тем самым представляет место для определенных описательно-семасиологических соображений» [2, б. 8]. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы ұғымдар арқылы жүзеге асады, Ал ұғымның пайда болуы санада өтетін пайымдау әрекетінің нәтижесі. Пайымдау арқылы логика ғылымы ой қорытындыларын жасайды. Ой қорыту білім алуда қолданылатын ойлау заңдарын зерттейді.

Екі зат есім атау күйінде қабыса байланысып, алдыңғысы соңғысына бағына байланысады [3, б. 25]. Профессор Т. Сайрамбаев зат есімдерден құралған сөз тіркестерін 8 түрлі мағыналық қатынаста жұмсалатындығын атап көрсетеді. Әрине, бұл мағыналық топ екі зат есімдердің ғана тіркесі арқылы пайда болады [4, б. 84]. Зат есімдер грамматикалық табиғаты жағынан болсын, лексикалық жағынан болсын басқа сөз топтарынан универсалдық қасиеттерімен ерекшеленеді. Олар сөйлем ішінде, сөз тіркестері құрамында басқа сөздерді өздеріне бағындырып қана қоймайды, өздері мен өздері тіркесіп келіп те әр түрлі анықтауыштық қатынасты білдіретін сөз тіркестерін жасайды: *сорлы жасын, түпсіз ой, түпсіз қиял, алдыңғы өмір* [3, б. 84]. «Тіл көрнекті болу үшін дерексіз нәрсе, деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек» [5, б. 154] – деген А.Байтұрсынұлының тұжырымы тілдің табиғаты мен қызметін, құдіретін танытады. Ғалымның «Абайды қазақ баласы тегіс танып білуі керек... Абай сөздері дүниеда қалғаны – қазаққа зор бақ» [5, б. 301] деген пайымдауы – Абайтанудың басты қағидасы.

С. С. Майзель «Изафет в турецком языке» деген үлкен еңбегінде изафеттің үш түрлі жасалу жолын айта келіп, сол жалғаусыз келген бір түріне қатысты, зат есімдердің тіркесі туралы арнайы мәселе қозғайды. Анықтауыштық қатынастардың өзі әртүрлі мәнде көрінеді: поссессивтік, релятивтік және идентивтік [6, б. 53].

Қазақ тіл білімінде зат есімдер мен зат есімдердің тіркесі тек М.Балақаевтың еңбектерінде арнайы тарау беріліп қарастырылды [7, б. 38]. Ал К. А. Бейсенбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімдердің жалғаусыз тіркестерінің кейбір түрлері», «Безаффиксное сочетание имен существительных в современном казахском языке» еңбектерінде жалғаусыз зат есімнің арнайы зерттеу объектісі болмағандығын және күрделі мәселенің бірі екендігін көрсетеді [8, б. 9]. Қазақ тіліндегі зат есімнің зат есіммен тіркесі мағыналық жағынан үйлесімділері ғана орын тәртібі арқылы тіркесе алады. Әрі ол бұрыннан бар. Зат есім мен зат есімнің тіркесі туралы М. Балақаев: «Осы сияқты қатар тұру арқылы бірін-бір анықтайтын зат есімдер тобы екі, үш, төрт сөзден құралуы мүмкін: *темір қанат балапан, қой көзді бала, шоқпар бас таяқ*», – сияқты бағыныңқы сыңары бірнеше зат есімнен де болып, күрделі түрде жұмсалатындығын дұрыс көрсетеді [4, б. 38-39]. К. А. Бейсенбаева олардың құрылымдық ерекшеліктерін ескермейді [6, б. 9]. Алдыңғы екі зат есім басыңқы зат есімге әрқайсысы тікелей қатысты болмай, ол екеуі сатылана байланысу негізінде өзара түйдекті топ құрауы тілімізде түйдекті топтар деп аталып жүрген топтарға қарағанда онша келе де бермеуі мүмкін, әдетте, түйдекті топтарды, көбіне, күрделі сын есім, сан есім, етістік сөз таптарының негізінде және түрлі негізгі сөздер мен көмекші сөздердің қатысы, сондай-ақ фразалық тіркестер толық мағыналы зат есімдерден жасалады дейтін пікір жоқ екендігін профессор Қ. Жұбанов зерттеулерінен де кездестіреміз [7, б. 97]. Екі зат есім бірінің мағынасын екіншісі толықтыра, айқындай, бір-бірімен өзара мағыналық жағынан үйлесімділігі негізінде келесі сөзге қатысты жұмсалғанда ғана нақтыланады. Ондай жағдайда жалғаусыз тіркескен зат есімдер үш немесе одан да көп сөздерден жұмсала отырып, күрделі қабыса байланысқан сөз тіркестерін құрайды [8, б. 87]. С. С. Майзель үш сөзді қабыса байланысқан сөз тіркестерін атап көрсеткенімен, оның ішкі ерекшеліктеріне тоқталмайды [10, б. 97]. Абай, Шәкәрім шығармаларында кездесетін қабыса байланысқан

сөз тіркестері. 1. Басыңқы сыңары жалқы және жалпы зат есімдерден жасалады: Талаптың өзінің *біраз шарттары* бар. Әуелі – білім-ғылым табылса, дүниенің бір *қызықты нәрсесіне* де керек болар еді деп іздемесе керек. Соның ішінде *уайымсыз салғырттық* деген *бір нәрсе* бар... (Абай. Отыз екінші қара сөз). Соны айтып алдандырып отырғанда, *Асығып ат терлетіп біреу* келді.(Шәкәрім. «Қодардың өлімі») *Түпсіз ой, түпсіз қиял* неше мыңдап, Бірі бүйт, бірі сүйт деп тұрады ымдап. *Тұңғыық тұманданған алдыңғы өмір*,Тұрғанын біліп болмас не дайындап (Шәкәрім). *Білектей арқасында өрген бұрым* (Абай). 2. Басыңқы сыңары жіктік жалғаулы зат есімнен келуі: *Мен жаралы – жолбарыспын. Жұрттың атқан оғы өтіп. Сен есірке, сорлы жаспын. Шын сөзіме рақым етіп* (Абай. Онегиннің Татьянаға жауабы). *Мен бір тілсіз көлікпін,Басымда соққан дауым жоқ* (Шәкәрім. Өлген көңіл – ындысыз өмір). *Қазір тірі, дүниеге мен де ортақпын, Осы күн батпай батып жоғалмақпын. Алдыңдағы асау жас қайнап тұрған.* (Абай М. Ю. Лермонтовтан).

Матаса байланысқан тіркестер: 1. Басыңқы сыңары тәуелдік жалғаулы сөзден келуі арқылы: *Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды* (Абай. Жиырма төртінші сөзі). *Екеуінің мойнына арқан салып, Екі аттың құйрығына байлап алып...* (Шәкәрім. «Қалқаман-Мамыр»)....*Таусылар деп ойлама сөздің кені. Тауып айтса – дауасыз дерттің емі.Сырты сау, іші науқас елдің дені, Арсыздықпен не болар алған шені.* (Шәкәрім. «Ғайсада жан беретін таңның желі»). *Ол кезде орыс онша кіріскен жоқ, Қазақтың еркі өзінің қолында боп. ...Олжайдың бас адамын жиып алып, Осы хан өзенінде кеңес құрды* (Шәкәрім. «Қодардың өлімі»). *Адамшылдық міндетім, айт дейді адам індетін. Еріксізбін, шын ниетім, Алды деме мазамды* (Шәкәрім. «Ескіден қалған сөз теріп»). *Жаздың көркі енеді жыл құсымен, Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен* (Абай. «Жазғытұры»). ... *Әне тұр Қодар өлген құз-жартасы* (Шәкәрім. «Қодардың өлімі»). Т. Сайрамбаев: «V-VIII

ғасыр ескерткіштер тілінде, кейінгі жазбалар тілінде етістіктермен де тіркесіп, жалғаусыз орын тәртібі және дауыс ырғағы арқылы тіркес құрайтын сөз табы ретінде көріне бастады. Орхон-Енисей жазбалар тілінде сын есімдермен келген сияқты: сарығ алтун, орүн күмүш...көлүрті (сары алтын, ақ күміс әкелді). *Тұрқ білге қағантма бітідім бен білге тонықұқ (түріктің Білге ханының еліне арнап жаздырдым мен білге Тонықұқ)*. Осы сөйлемдердегі *сарығ алтун, орүн күмүш,білге Тонықұқ* тәрізді сын есімдермен келген сөз тіркестері қазіргі қазақ тіліндегі *ақ ормал, сары шап, білгір кісі* тәрізді тіркестерден грамматикалық жағынан болсын, семантикалық жағынан болсын еш айырмашылығы жоқ [11, б. 102], – деп сын есімдердің қабыса байланысқан тіркес құраудағы ролін және оның ежелгі құбылыс екенін көне түркі жазбаларында кездесетіндігін айтады. Яғни олар сөз тіркесінің басыңқы сыңарында қолданылғанда сындық мағына білдірмей, ең алдымен, субстантивтеніп барып, тіркеседі. *Мұндай мақтаншақтардың* өзі үш түрлі болады (Абай. Жиырма бірінші сөз). Сүйер кісім, *сүйенер жақыным* жоқ, Бір өзіңе сиындым, бар құдай-ау (Шәкәрім «Көкіректе толған шер, көңіл қаяу»), тіркесіп қана қоймай, керісінше, зат есімдердің, сан есімдердің, т.б. сөз таптарының сын есімге тіркесуі нәтижесінде қалыптастанқан тіркестер де пайда болады. Сын есім басыңқы сыңар болғанда, өзімен тіркесетін бағыныңқы сыңармен әртүрлі анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Көбінесе, адамға байланысты кездеседі. Оның тұлғасына реңк беруді мақсат етеді: 1) адамның түсін; 2) ішкі сырын; 3) табиғи дене бітімін; 4) іс-қимылын;) 5) есім, сын есім мен есімдік, сын есім мен есімше, атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады 1. *Сендей тексіздер, нәсілсіздер көп (С.Қуандықов)*. 2. *Мына сыпырма сыраны бірге әкеттім, жүк көтергенге керек (Ә.Әбішев)*. 3. *Жамағат жанашырым сіздерсіздер («Егемен Қазақстан» газ)*. Осындай сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес фразалық (ритмикалық) бір

екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады [8, б. 15]. Мысалы, *Ел бұзуға ойлаған бұл айласы,.... Оңдыра ма сәулесіз өңкей масы. Ар сүймейтін бір ісі, ... Ер бұзатын ерсі істі өшіртпеске, Дарға асып, таспен атқан өз агасы. ... Жесір қалған келінін Қодар алып, Қылмайтын істі қылған құдай құлы* (Шәкәрім. «Қодардың өлімі»). Бұл жерде басыңқы компонентте келген *іс* сөзіне зер салып қарасақ, қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде 1. *Іс* . - тура мағынасы. Жұмыс, қызмет, шаруа. *Олар іс жайын сөз етіп ұзақ отырды.* (Нәбиев) 2. Ауыс мағынасында *Қылмысты іс қозғады.* (Тоғысбаев) Жалпы 22 мысал келтірілген [12, б. 765]. Шәкәрімнің *Ар сүймейтін бір ісі, ... Ер бұзатын ерсі істі* деген сөз орамдарыпсихологиялық сарынды беретін бұл есім тіркестері қазақ ұлтының бойындағы ар білімін оятатын, оны қастерлеп ұстайтын, болашақ ұлттың былғанбауын үндейтін, өзіне құрмет деп санайтын менталитеттің мықты діңгегін, нәпсісін тыйюға, дәстүрді сақтауға осыншалы салмақты аталы сөздердің бір ритмикалық екпінмен түйдектеліп келуі ұлттық мінез-құлықты көрсетеді [13, б. 63].

Абай мен Шәкәрім шығармаларында ақылды, парасатты, зейінді, есті, ғашық жанның бейнесін бір ғана жүрек сөзінің сөз тіркесінің басыңқы сыңарларында келіп, бағыныңқы сыңарының есімді, етістікті, ортақ басыңқы сыңарлы сөз тіркестерінің келуімен жырға қосады: Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес. *Ынталы жүрек*, шын көңіл Өзгесі хаққа қол емес. (Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 1-2 том.1954 ж.). Бұл адам баласының ақыл парасаты мен өмірден көрген оны сезе білген, сезіне білудің нәтижесінің жемісі. Философиялық тұрғыдан адам өзін-өзі игеріп, жеңуі, және дел-салдық дәрежеге түсуі ақиқат. Жүрек – ішкі дүниенің күші. Рас, жүрек күші арқылы өмірдің барлық сәттері мен барлық амал- әрекеттерін құрастыратын қару іспеттес.

Ақын Абай мен Шәкәрім шығармаларында «жүрек» концептісінің қолданыс аясы күрделі танымдық бірліктердің қатарынан орын алары

сөзсіз. Біреудің кісі өлсе, қаралы ол, **Қаза көрген жүрегі** жаралы – ол. Көзінің жасын тыймай жүріп. Зарланып неге ән салады ол? (Абай. «Біреудің кісі өлсе, қара ол»). Берілген есімді басыңқылы сыңарлы сөз тіркесінде қапаланып, қайғы жұтқан адамның зарланып, мұңданған күйі танылады. Сол сәттегі адам баласының жай-күйі бүкіл көз алдыңызға елестеп, қан жұтып отырған, қара жамылып отырған адамның жүрегі екендігін Абайдың өлең жолдары айқын көрсетіп тұр. Бұл жерде жүректің сан түрлі күйде бола алатындығымен қатар, кей жағдайда жүректің «қаза көрген жүрек» те болатындығын танытады. Қаза көрген жүрек әдеттегі жүректен ерекшелену, өйткені ол бар даусымен айғай салып, зарланып жоқтау айта алуымен де, сондай-ақ іштей күйзеліп, күңірене отырып, зарланатын жүрек те бола алады.

Сөз айта алмай бөгеліп,

Дүрсіл қағып жүрегі.

Тұрмап па еді сүйеніп

Тамаққа кіріп иегі? (Шәкәрім. «Жиырма үш жасымда»), – деген өлең жолдарында ақын енді басқа жүректі жырлайды. Бұл тіркестегі жүрек алдындағы келтірген мысалдағы жүректен мүлдем басқа. «Қаза көрген жүрек» адам басына қайғы түскен кездегі жүректі сипаттаса, ал «**Дүрсіл қаққан жүрек**» – ғашықтықтың, албырт сезімнің көрінісі. Ғашықтыққа толы бойжеткеннің сөз айта алмай, ұялуы, «махаббат» сынды ұлы сезімнің әсерінен дірілдеген, күйіп-жанған адам психикасының ақиқатын, жүрегінің қатты соғып, сезімге бой алдыруын білдіреді.

... Сұлулығын қояйын, мінезі артық,

Ақылды, **асыл жүрек**, сөзі майда (Шәкәрім. «Жиырма үш жасымда»).

Есімді сөз тіркесі – **асыл жүрек**. Ақын өзінің асыл жүректі ғашық жанның өлеңге қоса отырып, «асыл» сөзінің бойына келбеттің сұлулығын ғана емес, инабаттылық, ибалы жанның рухын, «жаны сұлудың ақылы да сұлу» деген сабырлылығын, жалпы айтқанда мінезге бай екендігін

сыйғызып тұр. Қыз баланың бойында осындай қасиеттің бола білуі оның тәрбиелілігін, ақылдылығы мен парасаттылығын қоса білдіріп тұр. Бүгінгі заманы озық, ақпараттың алакөзденген ала заманында қыз бала тәрбиесіне, бүгінгі ұрпақ мәселесіне ықпалы да өте зор.

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,

Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.

Көздің жасын *жүректің қаныменен*,

Ерітуге болмайды іште мұзын (Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 1-2 том. 1954 ж.). Жүректің қаны – есімді тіркес. «Жүрек» сөзі басыңқы компонентте емес, бағыныңқы компонентте орналасқан. Алайда жүрек концептісін толық ашу жолында ара-кідік бағыныңқы сыңарда келген сөз тіркестерін де мысалға алып отырдық. Қазақтың сөзге үйір келетіндігін, одан кейін сол сөзге еретіндігін, айтылған әңгімеге құмартып, артынша сол сөздің «тайға таңба басқандай» әсері жүректі қозғамай қоймайтындығы, көзден ағар жастың бүкіл адамның ет жүрегіне әсер етпей қоймайтыны, «Сөз сүйектен, таяқ еттен» өтіп, ақыр аяғында жүректің қан жылайтындығы ақын өлең жолдарында нақты берілген. Жоғарыдағы жүректерден бұл «жүректің» ерекшелігі ащы сөздің адам жүрегін тіліп түсіп, қан жылататындығын танытады. Яғни, жүректің тағы бір қыры, бір ерекшелігі бар екендігін бейнелеуге тырысады. Қан жылаған жүрек бұл жерде жаралы жүрек деген мағынаны білдіреді. Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс, Ойға тойма, қызықты қиялдан күс. Қарашы, өн бойыңа түгел ме екен, *Ыстық жүрек*, өң-шырай, қуат пен күш? (Абай. «Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс»). Бұл өлең жолдарындағы *ыстық жүрек* есімді басыңқы сыңарлы сөз тіркесі адам бойындағы жастықты, қарулылықты, бұлқынған, тасынған сезімді, жігерлілікті білдіреді. Сонымен қоса, есейген шақта өткен өміріне есеп бере отырып, бойда бар ыстық жүректі, қуат пен күшті білім мен ғылымға жұмсау қажеттігін ескертеді. Сөйтіп данышпан

Абай жастарға өмір тез-ақ өтіп кетеді, сондықтан күш-қайратың барда білім ал, еңбек ет, еліңе пайда әкел деген өсиетті қоса білдіреді.

Сылдырлап өңкей келісім

Тас бұлақтың суындай,

Кірлеген жүрек өзі ішін

Тұра алмас әсте жуынбай

Ызалы жүрек, долы қол,

Улы сия, ащы тіл

Не жазып кетсе, жай ол,

Жек көрсендер өзің біл (Абай. «Адамның кейбір кездері»).

Абайдың өлеңінде жүрек сөзімен «кірлеген», «ызалы» сын есімдері тіркесіп есімді сөз тіркесін жасап отыр. Кейінгі ұрпақтың алдыңғы арманға шарық ұрар сәтіне өсиетін жазып кеткен Абайдың ызалы жүрегі адам жанын ауыртар ащы шындықты жазады. Абайдың ойынша, жүрек белгілі бір жағдаяттарға, оқиғаларға сәйкес кірлеуі, мұң басуы, мүмкін. Алайда ол уақытша. Оны қайта жуып, тазартуға болады. Сонымен бірге, көріп тұрған келеңсіздіктер болса, ызалы жүреппен ашына отырып, бетіне айту да айып емес. Өзіңді айналаң жек көрсе де, шындық жолымен жүр деген қорытынды жасайды. Демек, ақын өз танымын «жүрек» және онымен тіркескен сөздер арқылы таныта отырып, «жүрек» концептісін құрады. Ол үшін жүректі жан-жақты, өз танымы бойынша, өз ұғымы бойынша танып, біліп, оны болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсына отырып, олардың аялық білімдерінің толысуына мүмкіндік береді.

Ал *Шәкәрім* тілінде «жүрек» концептісі былай беріледі:

Бұл сәлемді есіңе ал,

Егер жетсең тілекке.

Жар қанжары маған бол,

Сұқсын **сорлы жүрекке** (Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы. 1988 ж.).

Сорлы жүрек - есімді тіркес. «Шын асықтың әрбірі» өлеңінде ғашық жанның барлығына кешіріммен қарау қажет. Сүйе тұрып, сүйгеніңнің саған қарамауы, шынында да, жүректі сорлатары анық. Сүйген адамыңның әрбір саған деген теріс қылығы жүрекке қанжардай болып қадалатыны да айдай анық. Сондықтан біреуге ғашық болып, одан жауап ала алмаған әрбір жанның жүрегі сорлы болатындығын ақын түйсініп, жырлай білген. Қыз-бозбала бір бөлек,

Әзілдесеп дуласты-

Жаралы жүрек жыбырлап,

Жазылмай жалғыз сол қалды

Ақ болсын, қара болсын - өзі сынар,

Біреу қор, біреуді мықты қылар.

Ақ жүрек, ақыл көзбен сынға алыңыз,

Кім болмақшы болып жүр енді осылар?

Жүрегі таза адамдар,

Зұлымдықтан амандар (Шәкәрім. «Шын асықтың әрбірі»). Қиянатсыз надандар Әулиеден кем емесе. Шәкәрім жырлары Абай өлеңдерімен үндес. Абайда «қаза көрген жүрек», «қан жылаған жүрек» болып келсе, ал Шәкәрім өлеңдерінде «жаралы жүрек». Екінші шумақтағы «ақ жүрек» тіркесі арқылы ақын адамның ғұмыр-тіршілігінде ақтылы-қаралы жағдайлар, біреуді кемсіткен, екінші біреуді күшейткен оқиғалар кездесетіндігі, осы «өмір» атты өзенде осының бәрін ақылға, жүректің ақытығына салып, таразылап, сараптай біл дегенді аңғартады.

Ар түзер адамның адамдық санасын.

Ақ жеңіп шығады арамның қарасын.

Адал еңбек, **ақ жүрек** берер шешіп,

Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын (Шәкәрім. «Ар түзер адамның адамдық санасын»).

Демеймін мұңымды айтып зарлайын,

Жаралыс солай қылған адам жайын.

Жарық алып жалғанды тексерсең де,

Таза жүрек таппайсың, сол уайым

Ақ жүрекпен таза ақыл,

Қылсаң адал еңбек қыл.

Бәрінен де сол мақұл,

Артқыға жол бермек.

Ақ жүрек пен Таза ақыл,

Қылсаң да Адал еңбек, –

Бәрінен де сол мақұл – (Шәкәрім. «Талап мен ақыл»).

Артқыға жол бермек. Бұл өлең жолдардағы **ақ жүрек** тіркесі – таза жүрек тіркесінің синонимі. Өлең қолданыстарында **ақ, таза жүректер** ақынның өкініші көп өмірді басынан кешіргендіктен, адамдар арасынан таза жүректі, ақ жүректі адамдардың жиі кездеспейтіндігін баяндайды. Ақ жүрек – яғни, арлылықтың, тазалықтың, пәктіктің символы. Демек, ақ жүректі адам – иманды адам. Ар, иман, тазалық – өзара мәндес ұғымдар.



Әдебиет

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1975. - 420 б.
2. Марти А.О. понятия и методы всеобщей грамматики и философии языка / Звягинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Ч. II. м., 1960.

3. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: 1971. – 340 б.
4. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –Алматы: Білім, 2004. – 340 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. -444 б.
6. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы / Синтаксис /. II бөлім. – Алматы: Мектеп, 1971. - 340 б.
7. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: 1971. – 340 б.
8. Бейсенбаева К.А. Безаффиксное сочетание имен существительных в современном казахском языке. АҚД, 1971. – 85 с.
9. Жұбанов К. Қазіргі қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –А: Мектеп. 1966 – 455 б.
10. Майзель С.С. Изафет в турецком языке. – М-Л.: Наука, 1957. – 78 с.
11. Гаджиева Н.З. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. –М.: Наука, 1973. – 176 с.
12. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. Алматы. 1999. Дайқ-пресс. 774-б
13. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Аудармалар мен қара сөздер. - Алматы, 1986. - 1996.
14. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы, 1988. - 559 б.